



О ПРАВАХ
ПОТРЕБИТЕЛЕЙ
ПРИ ПОСЕЩЕНИИ
СУПЕРМАРКЕТОВ



РАМАЗАН
АЙЫНДА
НАЗАРҒА
АЛЫНАТЫН
ЖАҒДАЙЛАР

→ 3

→ 4



АМАНАТ

Жақында «Amanat» партиясы облыстық филиалы жанындағы Партиялық бақылау комиссиясы мен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі кеңес мүшелері Қостөбе ауылындағы 100 орындық мектеп құрылысының барысын зерделеп қайтты.

МЕКТЕП ҚҰРЫЛЫСЫ – ПАРТИЯ БАҚЫЛАУЫНДА

Қазіргі таңда ауылда тек бастауыш мектеп бар. Ал жоғары сынып оқушылары көрші елді мекенге қатынап оқиды. Осы мәселені шешу үшін мектеп құрылысы «Amanat» партиясының Сайлауалды бағдарламасына енгізіліп, өткен жылы жүзеге аса бастады.

Құрылыс жұмыстарын «ҚазМұнайҚұрылыс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі атқаруда. Бүгінде нысанның 45 пайызы аяқталып, шатыр жабу, сыртқы әрлеу, есік-терезе орнату және электр желілерін тарту жұмыстары жүргізілуде.

Жоспарға сәйкес мектеп биыл 10 маусымға дейін толық аяқталып, игілікке беріледі деп күтілуде. Жұмыс тобы құрылыстың сапасын талапқа сай болуын және мерзімінде аяқталу керектігін айтты.

«Шұғыла»-ақпарат.



ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ

ҚАМҚОРЛЫҚ – ҚОҒАМ ҚУАТЫ

Әлеуметтік қолдау – қоғам тұрақтылығы мен адам өмірі сапасының басты көрсеткіштерінің бірі. Халықтың әл-ауқатын арттыру, мұқтаж жандарға көмек көрсету және мүгедектігі бар азаматтардың өмір сүру жағдайларын жақсарту – мемлекет саясатының басым бағыттары. Осы міндеттерді жүзеге асыруда аудан әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі жүйелі жұмыс жүргізіп келеді.

Максат ЖҰМАБАЕВ



Бөлім басшысы Жомарт Телеуовтің айтуынша, 2025 жылдың қорытындысы әлеуметтік салада оң өзгерістер бар екенін көрсетеді. Атаулы әлеуметтік көмек алушылар саны азайып, инклюзивті орта қалыптастыру, әлеуметтік қызмет сапасын арттыру бағытында нақты нәтижелерге қол жеткізілген.

Аудан бойынша аз қамтылған отбасыларды қолдаудың маңызды тетігі саналатын атаулы

әлеуметтік көмекке өткен жылы 105 миллион 397 мың теңге бөлінді. Жыл қорытындысында 176 отбасындағы 1096 адамға көмек тағайындалып, толық төленді. Салыстырмалы түрде алғанда, 2024 жылы осы кезеңде 261 отбасы, яғни 1513 адам атаулы әлеуметтік көмек алған. Демек, биыл көмек алушылар саны 85 отбасыға азайып, 48,2 пайыздық төмендеу байқалды. Бұл көрсеткіш халық табысының біршама жақсарғанын және көлемкелі табыстарды азайту бағытындағы жүйелі жұмыстың нәтижесін аңғартады.

→ 2

ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ

ТӘУЕЛСІЗДІК БӘРІНЕН ҚЫМБАТ

Ел Тәуелсіздігінің 35 жылдығына орай Тараз қаласындағы «Желтоқсан-86» орталығында «Қазақстан – заманауи үлгідегі Тәуелсіз мемлекет» атты «дөңгелек үстел» отырысы өтті. «Бесағаш» шекара заставасының сарбаздары қатысқан жиын Желтоқсан қаһармандарын бір минут үнсіздікпен еске алумен басталды. Басқосуда облыстық «Желтоқсан ұшқыны» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Талғат Кеншінбеков сөз сөйледі.

Ильяс ҚАЛЫБЕКОВ



– Осыдан 40 жыл бұрын қазақ жастары Алматының орталық алаңына қарай беттеп бара жатты. Тұс-тұстан ағылған адамдар тобы көше қиылыстарында біріне бірі қосылып,

қарақұрым халық ә дегенде-ақ жиналған еді. Олар қазақ елін қазақ басшы ғана басқаруы тиіс деп ұрандатып, Колбиннің билікке келуіне айрықша қарсылық танытты. Ал шын мәнінде бұл азаттық аңсаған, бұғаудан босап шыққысы келген халықтың жанайқайы, тұяқ серпіген тағдырлы зары еді.

→ 2

ЖОБА ШАРАПАТЫ

Ауданда мал шаруашылығына жақсы көңіл бөлінуде. Соңғы жылдары мал басы артты, жаңа сүт және бордақылау алаңдары салынуда. Жаңа сүт тауарлы фермаларын құру (400 бастан кем емес) жоспары бойынша ауданда 3 тауарлы-сүт фермасының құрылысын жүргізу жоспарға қойылған. Атап айтсақ, «Момбек» шаруа қожалығы жалпы құны 2,9 миллиард теңгені құрайтын сыйымдылығы 612, «AzNur Agro» АШӨК-і құны 1,8 миллиард теңгелік 400, «Даниял» шаруа қожалығы құны 1,8 миллиард теңгелік 400 орынға арналған ферма салуға ниетті.

ХАЛЫҚТЫҢ ТҰРМЫСЫН ЖАҚСARTY – БАСТЫ МІНДЕТ



Ильяс ҚАЛЫБЕКОВ



Бүгінгі күнге «AzNur Agro» АШӨК тауарлы сүт фермасының құрылысы жүруде, «Момбек» шаруа қожалығының құрылыс жұмыстары тоқтап тұр, ал «Даниял» шаруа қожалығы қаржы тапшылығына байланысты жобаны биыл іске асыруды көздеп отыр.

Сондай-ақ ауданда ауыл шаруашылығы саласына жақсы көңіл бөлінуде. Аудан әкімі Ерлан Қыдыралыұлының айтуынша, 2025 жылы салада өндірілген өнімнің жалпы көлемі 56,2 миллиард теңгені құраған. Оның 19,3 миллиард теңгесі мал, 36,9 миллиард теңгесі егін шаруашылығына тиесілі.

– Өткен жылы ауыл шаруашылығы саласына тартылған инвестиция көлемі 969,2 миллион теңгені, ал тамақ өнімдері өндірісі бойынша

инвестиция 514 миллион 092 мың теңгені құрады. Ал ауыл шаруашылығы дақылдары өткен жылы 50211 гектарға орналастырылды. 15061 гектар масақты дәнді дақылдардан 11151 тонна дән жиналып, қамбаға 7,4 центнер кіргізілді, – дейді аудан әкімі.

Жалпы жинақталған өнім – 595,2 мың тонна. Ел жиі тұтынатын дәнді картоптан 6664 тонна, көкөністен 244156 тонна, майлы дақылдардан 2828 тонна, бақша дақылдарынан 19635 тонна, жүгері дақылдан 10912 тонна өнім алынған. Ал күзгі дала және жинау жұмыстарын уақтылы жүргізу мақсатында 683 ауыл шаруашылығы техникасы жұмылдырылды, оның 36-ы – комбайн, 241-і – трактор, 406-ы – ауыл шаруашылығы тіркемелері. Осы бағытқа мемлекет тарапынан 776,5 тонна жеңілдетілген жанар-жағармай бөлініп шаруашылықтарға тартылған.

→ 2



ТАТУЛЫҚ ПЕН БАУЫРМАЛДЫҚ
– ҚОҒАМ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫНЫҢ
НЕГІЗІ

→ 4



ҰЛТТЫҚ
ҚҰРЫЛТАЙ

ӘЛЕУМЕТТІК ӘДІЛЕТТІЛІК – МЕМЛЕКЕТТІК ҚАҒИДАТ

Ұлттық құрылтайдың қоғам мен билік арасындағы диалог алаңы ретіндегі маңызы оның ұсынымдарының нақты саяси шешімдерге айналу қабілетіне тікелей байланысты. Бұл институт пікір алмасумен шектелмей, қабылданған бастамалардың мемлекеттік басқару жүйесіне енуіне жол ашты. Көтерілген мәселелердің әрқайсысы мемлекеттік органдар үшін бағдарға айналып, оларды іске асырудың нақты тетіктері айқындалды. Ұсыныстардың орындалу барысы туралы ашық ақпараттың болуы қоғамға кері байланыс беріп, сенімді нығайта түсті.

Қызылордада өткен Құрылтайда әлеуметтік әділеттілік пен жауапты мемлекет қағидаттарының қайта көтерілуі бұл ұстанымдардың декларативті деңгейден нақты мемлекеттік саясатқа көшуге дайын екенін көрсетеді. Президенттің сөздерінен байқағанымыздай, әлеуметтік әділеттілік енді тек әлеуметтік төлемдермен немесе жекелеген қолдау шараларымен шектелмейді, ол мемлекеттік басқарудың барлық деңгейіне ортақ өлшемге айналуы тиіс. Алдағы кезеңде бұл қағидаттар ең алдымен заңнамалық бақылау мен институционалдық жауапкершіліктің күшеюі арқылы көрініс табуы мүмкін.

→ 2

Соңы. Басы 1-бетте

ҚАМҚОРЛЫҚ – ҚОҒАМ ҚУАТЫ



Сонымен қатар, жергілікті өкілетті органдар шешімімен мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсетуге 53 миллион 410 мың теңге қарастырылып, жыл ішінде 450 адамға бірреттік төлем жасалды. Әлеуметтік осал топтарды қолдау алдағы уақытта да жалғасады.

Мүгедектігі бар азаматтарды қолдау да басты назарда. Қазіргі таңда ауданда 1475 мүгедек адам тіркелген. Оның ішінде І топтағы – 229, ІІ топтағы – 286, ІІІ топтағы – 632 адам, ал мүгедек балалар саны – 328. Өткен жылмен салыстырғанда бұл көрсеткіш 2456 адамнан 1475 адамға төмендеген.

Мүгедектігі бар балалардың үйде оқыту шығындарын өтеу бағытындағы жұмыс та тұрақты. Бұл мақсатқа 7 миллион 845 мың теңге бөлініп, 52 отбасындағы 57 балаға

1 миллион 862,9 мың теңге төленді. Ал 2024 жылы 74 отбасындағы 76 балаға 2 миллион 502 мың теңге төленген болатын.

Үйде әлеуметтік қызмет көрсету жұмысын 2025 жылы «Сәттілік сыры» мүгедектер қоғамдық бірлестігі жүзеге асырды. Ұйымның арнайы лицензиясы бар, 70 адамға ІІ әлеуметтік қызметкер арқылы тұрақты қызмет көрсетілді. Бұл мақсатқа жергілікті бюджеттен 55 миллион теңге бөлінді. 2024 жылы ұйым 92 бала мен 11 жалғызбасты қарияға қызмет көрсетіп, 38 миллион 486,8 мың теңге игерген.

Әлеуметтік сала мамандарын қолдау да назардан тыс емес. Ауылдық жерлерде еңбек ететін әлеуметтік сала қызметкерлеріне отын алуға әлеуметтік көмек қарастырылған. 2025 жылы бұл

мақсатқа 56 миллион 11 мың теңге бөлініп, 2849 әлеуметтік сала мамандарына төленді. 2024 жылы 3864 маманға 71 миллион 71 мың теңге қарастырылған еді. Биыл қаражатты нақты қажеттілікке қарай бағыттауға басымдық берілген.

Мүгедектігі бар азаматтардың қоғамдық өмірге белсенді араласуы мен инфрақұрылымға қолжетімділігін қамтамасыз ету бағытында жүйелі жұмыс жүргізілуде. Инватакис қызметін «Мейірім мекені» мүгедектер қоғамдық бірлестігі атқарып, бұл мақсатқа 7 миллион 147 мың теңге бөлінді.

Сондай-ақ, 2025 жылы әлеуметтік маңызы бар 17 нысанды бейімдеу жоспары толық орындалып, нысандар «inva.gov.kz» қолжетімділік картасына енгізілді. Бұл шаралар ғимараттарды мүмкіндігі шектеулі жандарға ыңғайлы етуге, қоғамда инклюзивті ортаны дамытуға бағытталған.

Жалпы, әлеуметтік саладағы басты ұстаным – қолдауды тек жәрдемақымен шектемей, халықтың өмір сапасын арттыру. Осы орайда жұмыспен қамту, әлеуметтік кәсіпкерлікті дамыту, цифрландыру және инклюзивті қоғам қалыптастыру бағытында жаңа бастамалар жүзеге асырылуда. Негізгі мақсат – әрбір тұрғынның мемлекет қамқорлығын сезінуі және қиын жағдайға тап болған жанның қолдаусыз қалмауы. Әлеуметтік әділдік пен тең мүмкіндік осы жұмыстың өзегі болып табылады.

Соңы. Басы 1-бетте

ТӘУЕЛСІЗДІК БӘРІНЕН ҚЫМБАТ

Тәуелсіздік тұғырын, мұратын әрқашан бірінші орынға қоя білуіміз қажет. Өйткені, Тәуелсіздік бәрінен қымбат! Біз бабалар рухына тағзым етіп, өскелең ұрпақ алдындағы тарихи жауапкершілікті сезіне отырып, осы ұстанымға адал боламыз. Жас және озық ойлы ұлт ретінде болашаққа зор үмітпен және нық сеніммен қарап, берекелі бірлігімізді сақтауымыз керек. Елімізді көркейген мемлекет ретінде дамыту үшін әрбіріміз аянбай еңбек етуіміз керек, – деді Талғат Дүкенбайұлы өз сөзінде.

Тақырып төңірегінде салмақты сөз сабақтаған қалалық «Жастар ресурстық орталығының» бөлім басшысы Дархан Байпақ, тарихшы Құттыбек Әшірхан, Білім кәсіби гуманитарлық-техникалық колледжі директорының қоғамдық істер жөніндегі орынбасары Дариға Идирисова, облыстық «Желтоқсан-86» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Мұрат Бердалиев Тәуелсіздік ұлттың



рухы, елдің айбыны, халықтың ең қасиетті құндылығы екенін айтты. «Желтоқсанның ызғары қатты болды, бірақ сол ызғардың артында Тәуелсіздіктің жылы таны тұрды». Тәуелсіздігіміздің мерейтойы тұғырлы, болашағы баянды

болсын. Әрқашан күн сөнбесін. Тәуелсіз Қазақстанның таны нұрлы, егеменді ел ұрпағының енесі биік болғай. Бейбіт көк аспан астында қасиетті көк туымыз мәңгі желбіресін. Жиыннан түйген ой осы.

Жамбыл ауданы әкімдігінің ХАБАРЛАМАСЫ

Жамбыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясының 2026 жылғы 21 қаңтардағы №4 қаулысына сәйкес 2026 жылдың 1 наурызына тағайындалған Тоғызтарау ауылдық округі әкімінің сайлауына кандидаттардың сайлаушылармен кездесуі үшін шарттық негізде берілетін үй-жайлары мен үгіттік баспа материалдарын орналастыруға арналған орындары.

№	Елді мекен атауы	Кандидаттармен кездесу өтетін орын
1.	Тоғызтарау ауылы, Жамбыл көшесі №6	Т.Токтаров атындағы орта мектептің ғимараты
2.	Жаңаөткел ауылы, Ж.Садықов көшесі №256	А.Матросов атындағы негізгі мектебінің ғимараты

Тоғызтарау ауылдық округі әкімінің сайлауына кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыруға арналған орындар

№	Үгіт баспа материалдарын орналастыру орындары
1.	Тоғызтарау ауылы, Жамбыл көшесі №3г, Жамбыл ауданы әкімдігі мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің «Аудандық мәдениет үйі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны Тоғызтарау ауылдық клубы ғимаратының алдындағы қалқан
2.	Құмсуат ауылы, Ордабаев Сметілді көшесі №7-үйдің алдындағы қалқан
3.	Жаңаөткел ауылы, Жұман Садықов көшесі №256, «Жамбыл облысы әкімдігі білім басқармасы Жамбыл ауданы білім бөлімінің Александр Матросов атындағы негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының алдындағы қалқан

СООБЩЕНИЕ акимата Жамбылского района

Согласно постановлению Жамбылской районной территориальной избирательной комиссии №4 от 21 января 2026 года, помещения и места для размещения агитационных печатных материалов, предоставляемые на договорной основе для встреч кандидатов на выборах акима Тоғызтарауского сельского округа, назначенных на 1 марта 2026 года, с избирателями.

№	Адрес	Встреча с кандидатами место проведения
1.	Село Тоғызтарау, улица Жамбыла №6	Здание средней школы имени Т.Токтарова
2.	Село Жаңаөткел, улица Ж.Садыкова №256	Здание основной школы имени А.Матросова

Места для размещения агитационных печатных материалов для кандидатов на выборы акима Тоғызтарауского сельского округа

№	Места размещения агитационных печатных материалов
1.	Село Тоғызтарау, улица Жамбыла №3г, щит перед зданием Тоғызтарауского сельского клуба КГКП «Районный дом культуры» отдела культуры и развития языков акимата Жамбылского района
2.	Село Құмсуат, улица Сметилла Ордабаева, щит перед домом №7
3.	Село Жаңаөткел, улица Жумана Садыкова №256, щит перед зданием КГУ «Основная школа имени Александра Матросова» отдела образования Жамбылского района управления образования акимата Жамбылской области»

Соңы. Басы 1-бетте

ӘЛЕУМЕТТІК ӘДІЛЕТТІЛІК – МЕМЛЕКЕТТІК ҚАҒИДАТ

Әлеуметтік салаға бөлінетін қомақты қаржының тиімді әрі ашық жұмсалуды қамтамасыз ету, денсаулық сақтау мен білім беру жүйелеріндегі бұрмалаушылықтарды жою – жауапты мемлекеттің нақты белгісі. Президенттің бұл салалардағы олқылықтарға ашық тоқталуы заңнамалық және кадрлық шешімдердің қатаңдайтынын аңғартады.

Жауапты мемлекет қағидаты азаматтармен кері байланыстың жаңа деңгейге шығуын талап етеді. Құрылтай аясында айтылған ұсыныстардың заңдар мен мемлекеттік бағдарламаларға айналуы, олардың орындалуының нақты бақылауға алынуы биліктің өз уәдесіне жауап беруге дайын екенін көрсетеді. Сенімнің институционалдық негізін қалыптастырады. Әлеуметтік әділеттілік пен жауапты мемлекет ұстанымдары алдағы уақытта заңдардың мазмұнынан, мемлекеттік институттардың жұмыс логикасынан және биліктің азамат алдындағы есептілігінен нақты көрініс табады. Бұл қағидаттар реформалардың идеологиялық өзегіне айналып, қоғам мен мемлекеттің жаңа сапалы қарым-қатынасын қалыптастыруы тиіс.

Президенттің сөздерінде әділет ұғымы нақты мазмұнмен толығып отыр: заңның үстемдігі, әлеуметтік ресурстардың әділ бөлінуі, мемлекеттік

органдардың жауапкершілігі және азаматтардың сеніміне негізделген басқару. Құрылтай аясында көтерілген бастамалар осы қағидаттарды тек идея ретінде емес, нақты институттар арқылы бекітуге бағытталғанын байқатады. Институционалдық тұрғыдан алғанда, өкілді биліктің ролін күшейту, қоғамдық диалогты тұрақты форматқа көшіру, жауапты басқару мәдениетін қалыптастыру «Жаңа әділетті мемлекеттің» тірек элементтері болып отыр. Құрылтайдың өзі осы үдерістің маңызды тетігіне айналып, билік шешімдерінің легитимділігін арттыруға қызмет етеді.

Құрылтай «Жаңа әділетті мемлекет» моделін институционалдық тұрғыдан бекітуге елеулі серпін берді. Алайда бұл модельдің орнықтылығы ұсынылған бастамалардың жүйелі орындалуына, басқару сапасының артуына және қоғамның осы өзгерістерге саналы түрде қатысуына байланысты. Ең бастысы, саяси реформалар ұзақ мерзімді нәтиже беретін тұрақты мемлекеттік жүйеге айналып келеді.

Әйгерім ШЫНТАСОВА, аудан әкімдігі жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің сектор меңгерушісі.

Соңы. Басы 1-бетте

ХАЛЫҚТЫҢ ТҰРМЫСЫН ЖАҚСARTY – БASTY MІHDET

Мал азығын әзірлеу бойынша белгіленген жоспарға сәйкес ауданда 294 998 тонна мал азығы дайындалған. Оның 208978 тоннасы пішен, 19 мың тоннасы пішендеме, 48020 тоннасы сабан және 19 мың тонна сүрлем.

341 гектар кант қызылшасы алқабынан 20054 тонна өнім жиналды. «Ауданда кант қызылшасын жинайтын 8 комбайн бар. Тәтті түбірін баптаған 21 шаруа қожалық өнімдерін Меркі кант зауытына өткізді. Балтамырдың гектарға шаққандағы орташа өнімділігі 588 центнерді құрады», – дейді аудан әкімі.

Бұдан бөлек, аудан аумағында 15 жылыжай жұмыс істеуде. Өткен жылы бұл жылыжайлардан 13,6 тонна қияр жиналған. Сонымен қатар 0,06 гектар аумаққа орналастырылған 50 мың гүл тұрғындарға сатылған. Ал сыйымдылығы 11980 тоннаны құрайтын көкөніс және жеміс сақтайтын 9 қоймада азық-түлік қоры жасақталған. Бүгінде осы қоймалардың 4-де барлығы – 810 тонна өнім сақтауда тұр. Оның ішінде 650 тонна пияз, 160 тонна сәбіз бар.

– Ауданда табысты жүзеге асырылған жобаның бірі – «Ауыл аманаты». Жоба аясында 13 ауылдық округтен жалпы құны 758 миллион 200 мың теңгені құрайтын 110 жобаны іске асыру бойынша ұсыныстар берілген. Оның ішінде ауыл шаруашылығы бойынша 35, кәсіпкерлік және өнеркәсіп саласына қатысты 75 жоба бар. 2024-2025 жылдары «Ауыл аманаты» жобасының бесінші бағыты «Тұрғындардың өз кәсібін ашуға немесе кеңейтуге арналған шағын жобалары» аясында ауданнан барлығы 80 жоба қаржыландырылды. Берілген қаражат 573,6 миллион теңге. Сондай-ақ 56 жобаға 400,07 миллион теңге несие берілді. Тоғыз ауылдық округтің азаматтары несие алып жұмыс істеуде. Ал 2024 жылы 24 жобаға 173,5 миллион теңге берілген болатын, – дейді Ерлан Қыдыралыұлы.

Ауданда көкөніс қоймаларын салу және сақтау жұмысы табысты жүргізіліп келеді. Мұнда жыл соңына дейін жобалық құны 2,7 миллиард теңгені құрайтын 2 көкөніс қоймасының құрылысы жоспарланған. Айшабиді ауылдық округі аумағындағы «Ализа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі құны 1,9 миллиард теңгені құрайтын жеті мың тонналық көкөніс сақтау қоймасының құрылыс жұмыстарын аяқтады. Ал, екінші көкөніс қоймасының құрылыс жұмыстары жүруде.

«Тараз» әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясы» акционерлік қоғамы тарапынан 500 миллион теңге жаңа беріліп, тиісті жұмыстар жүргізілуде. Ал қайта өңдеу саласында екі инвестициялық жобаны іске асыру жоспары қойылған. Бүгінгі таңда «АТБ» шаруа қожалығының сүтті қайта өңдеу бағытындағы цехы іске қосылып жұмыс істеуде. Сондай-ақ екі ірі жоба «Рыжикбаев» жеке кәсіпкерлігі тарапынан қолға алынған ет бағытындағы құс фабрикасының құрылыс жұмыстары жүргізілуде. Жоба құны бір миллиард теңгені құрайды.

– Ауыл шаруашылығы жұмысына серпін беретін ол техника. Өткен жылы ауданда 41 ауыл шаруашылығы техникасы алу жоспарланған. Бүгінде жоспар 104,8 пайызға орындалды. Нақтырақ айтсақ, 43 техника алынды, оның біреуі комбайн, 42-і трактор. Сондай-ақ шаруашылықтарын қолдау мақсатында 9 тауарлық несие берілді. «Ынтымақ», «Шерхан», «Утемғалиев», «Мансұр», «Диар», «Д.Сматов», «Алтынбек» шаруа қожалықтарының 260 қойы тауарлы несие түрінде рәсімделіп берілді. Сонымен қатар мал өнімін экспорттаушылар қатарына тағы бір шаруа қожалығы қосылды. Бүгінде Гродиков ауылдық округіндегі «Джумабаев Д.Д.» жеке кәсіпкерлігі Ресей Федерациясына шұжық өнімдерін экспорттауда, – дейді аудан басшысы.

САЛЫҚ ТӨЛЕУШІЛЕРДІҢ НАЗАРЫНА!

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап жаңа Салық кодексі күшіне енгенін еске салады. Осы Салық кодексімен үш арнаулы салық режимі көзделген. Олар: өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін, оңайлатылған декларация негізіндегі, шаруа қожалықтары үшін арнаулы салық режимі.

ОҢАЙЛАТЫЛҒАН ДЕКЛАРАЦИЯ НЕГІЗІНДЕГІ РЕЖИМГЕ КӨШУ ТУРАЛЫ

2025 жылы оңайлатылған декларация негізіндегі, бөлшек салық және тіркелген шегерімдер арнаулы салық режимдерін қолданған салық төлеушілер, егер оңайлатылған декларация негізіндегі арнаулы салық режимін қолдануды жоспарлаған болса, 2026 жылғы 1 наурызға дейін қолданылатын салық салу режимі туралы хабарлама ұсынуы қажет. Хабарлама 2026 жылғы 1 наурызға дейін ұсынылмаған жағдайда, салық төлеушілер 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап жалпыға бірдей белгіленген салық салу тәртібіне автоматты түрде көшіріледі.

Хабарламаны келесі тәсілдермен ұсынуға болады:

Салық төлеуші кабинеті арқылы (ИСНА АЖ жүйесінде «Құжаттарды ұсыну» – «Қолданылатын салық салу режимі туралы хабарлама» бөлімі);

«E-Salyq Business» арнаулы мобильді қосымшасы арқылы («Сервис» – «Жеке кәсіпкердің салық режимін ауыстыру»);

орналасқан жері бойынша мемлекеттік кірістер басқармасына қағаз түрінде;

банктердің мобильді қосымшалары арқылы.

ӨЗІН-ӨЗІ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫҒАНДАР ҮШІН РЕЖИМГЕ КӨШУ ТУРАЛЫ

2026 жылғы 1 наурызда салық органдары 2025 жылы патент негізіндегі АСР-ін немесе арнаулы мобильді қосымшаны пайдалана отырып АСР-ін қолданған салық төлеушілерді жеке кәсіпкер ретінде есептен автоматты түрде шығарады. Есептен шығару күні 2026 жылғы 1 қаңтар болып есептеледі. Бұл ретте салық төлеушінің өз бетінше есептен шығу туралы өтініш беру құқығы сақталады.

Егер салық төлеуші қолданылатын салық салу режимі туралы хабарлама ұсынып, басқа режимді таңдаған болса, автоматты түрде есептен шығару жүргізілмейді. Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін арнаулы салық режимін қолданудың басталу күні «E-Salyq Business» мобильді қосымшасында алғашқы чектің қалыптастырылған күні болып табылады.

ШАРУА (ФЕРМЕР) ҚОЖАЛЫҚТАРЫ ҮШІН РЕЖИМГЕ КӨШУ ТУРАЛЫ

Шаруа (фермер) қожалықтары үшін арнаулы салық режиміне көшу 2026 жылғы 1 наурызға дейін салық органдары арқылы автоматты түрде жүзеге асырылады және салық төлеушілерден хабарлама ұсынулы талап етілмейді.

Жамбыл ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы.

НА ТЕМУ ДНЯ

О ПРАВАХ ПОТРЕБИТЕЛЕЙ ПРИ ПОСЕЩЕНИИ СУПЕРМАРКЕТОВ

С ростом числа супермаркетов и торговых центров всё чаще возникают ситуации, когда между покупателями и охранной магазином происходит конфликт. Причиной обычно становится требование оставить сумку в ячейке хранения или показать её содержимое на выходе. Насколько это законно, и что вправе требовать от вас охрана?

Разбираемся в правах потребителей и полномочиях охранников в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

Согласно Закону Республики Казахстан «О защите прав потребителей», покупатель имеет право на свободный и безопасный доступ к услугам. Закон не запрещает посещение торговых залов с личными вещами – сумками, рюкзаками или пакетами. Более того, он не обязывает покупателя сдавать вещи в камеру хранения.

Если охранник предлагает вам оставить сумку, он действует в рамках закона, однако принуждать к этому не имеет права. Такая просьба рассматривается как предложение заключить договор хранения (глава 39 Гражданского кодекса РК), который, согласно статье 380 ГК РК, заключается добровольно.

На выходе из магазина охранник может попросить показать содержимое вашей сумки, но это – не обязанность



покупателя, а вежливая просьба, на которую вы можете отказаться.

Как подчеркивается в статье 16 Кодекса об административных правонарушениях (КоАП РК), личный досмотр и досмотр вещей могут проводиться только:

в случае совершения административного правонарушения (например, кражи);

сотрудниками полиции, а не охраной магазина;

в присутствии понятых или под видеофиксацию;

с обязательным составлением протокола (статья 791 КоАП РК).

Даже если вы взяли товар с полки, охранник не вправе задерживать вас и проводить досмотр. Единственный законный

путь – вызов полиции, которая и примет решение о дальнейших действиях.

Частные охранные компании действуют в соответствии с Законом РК «Об охранный деятельности». Согласно статьям 1 и 3 этого закона, их задачи ограничиваются:

защитой жизни и здоровья граждан;

охраной имущества.

При этом в статье 3 указано, что охранный деятельность не должна нарушать права и свободы граждан. Следовательно, охранник не может:

проводить личный досмотр;

обыскивать;

применять силу без законных оснований;

ограничивать свободу движения.

Превышение полномочий охранником влечёт уголовную ответственность по статье 252 Уголовного кодекса РК. Если вас принудительно досматривают или не выпускают из магазина – это нарушение закона.

Если вы столкнулись с превышением полномочий со стороны охраны:

сохраняйте спокойствие и вежливо откажите в незаконных требованиях.

попросите вызвать полицию,

чтобы ситуация была разрешена в рамках закона.

зафиксируйте инцидент — на видео или с помощью свидетелей.

Обратитесь с жалобой:

в администрацию супермаркета;

в местный департамент полиции;

Каждый гражданин имеет право на достойное обращение, независимо от того, делает ли он покупку на крупную сумму или просто зашел посмотреть ассортимент. Никто не вправе нарушать ваши права, даже если это «всего лишь охранник» на выходе из магазина.

Знание своих прав – лучшая защита. Закон на вашей стороне.

Департамент торговли и защиты прав потребителей Жамбылской области доводит до сведения потребителей, что рассматривает обращения потребителей, поступающие через системы: E-otinish, E-gov, Telegram bot и другие способы связи.

Консультацию по вопросам защиты прав потребителей можно получить по телефону: 8-7262-54-21-69.

Татьяна ФЕДОСОВА,
главный специалист
департамента торговли и
защиты прав потребителей
Жамбылской области.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

«Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру» туралы

«Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру» мемлекеттік қызметті облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары, аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың, ауылдық округтің әкімдері (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Мемлекеттік қызметті алу үшін жеке және заңды тұлғалар (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) портал арқылы көрсетілетін қызметті берушіге мыналарды ұсынады:

1) жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге арналған электрондық құжат нысанындағы өтініш;

2) жер учаскесінің нысаналы мақсаты өзгерген кезде жер учаскесінің кадастрлық (бағалау) құнына тең соманы бюджет кірісіне төлеу, Кодекстің қажет болған жағдайда өзгертілген нысаналы мақсат үшін 2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 9-бабы 5-тармағына сәйкес кадастрлық (бағалау) құны мен осы учаске бұрын мемлекеттен сатып алынған баға арасындағы айырмаға тең соманы бюджетке төлеу қажет болған жағдайда жер учаскесінің кадастрлық (бағалау) құны актісінің көшірмесі.

Көрсетілетін қызметті алушылардан ақпараттық жүйелерден алынуы мүмкін құжаттарды талап етуге жол берілмейді.

Көрсетілетін қызметті беруші кеңсесінің қызметкері осы Қағидаға сәйкес құжаттарды қабылдайды, тіркейді және оларды өтінішті қабылдаған күні көрсетілетін қызметті берушінің басшысына не оны алмастыратын

адамға береді.

Көрсетілетін қызметті алушы 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген жағдайда, өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Өтініш беруші құжаттар топтамасын толық ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші 1 (бір) жұмыс күні ішінде өтінішті қабылдаудан бас тарту дайындайды және көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» көрсетілетін қызметті беруші басшысының ЭЦҚ-сы қойылған электрондық құжат нысанында хабарлама жолдайды.

Көрсетілетін қызметті берушінің басшысы не оны алмастыратын адам құжаттардың мазмұнымен танысады, қарар қояды және жер өз құзыреті шегінде 1 (бір) жұмыс күні ішінде жер қатынастары жөніндегі уәкілетті органға не сәулет және қала құрылысы саласындағы құрылымдық бөлімшеге учаскесінің мақсатын өзгерту туралы өтініш жібереді.

Жер қатынастары жөніндегі уәкілетті органның не сәулет және қала құрылысы сала-сындағы құрылымдық бөлімшенің жауапты орындаушысы өз құзыреті шегінде өтініш келіп түскен күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде жер учаскесін мәлімделген нысаналы мақсаты бойынша пайдалану мүмкіндігін айқындайды және оны барлық мүдделі мемлекеттік органдарға, инженерлік және коммуналдық қамтамасыз ету жөніндегі тиісті

қызметтерге бір мезгілде келісуге жолдайды.

Келісуші органдар 3 (үш) жұмыс күні ішінде жер учаскесін мәлімделген нысаналы мақсаты бойынша пайдалану мүмкіндігі туралы тиісті қорытындылар береді.

Жер қатынастары жөніндегі уәкілетті органның немесе сәулет және қала құрылысы саласындағы құрылымдық бөлімшенің жауапты орындаушысы өз құзыреті шегінде қорытындылар келіп түскен күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде жер учаскесін мәлімделген нысаналы мақсаты бойынша пайдалану мүмкіндігін айқындайды.

Жер қатынастары жөніндегі уәкілетті органның жауапты қызметкері материалдарды жер комиссиясының қарауына дайындайды.

Жер комиссиясының қорытындысы жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгерту мүмкіндігі туралы ұсыныс жер комиссиясына келіп түскен сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде хаттамалық шешім нысанында екі данада жасалады.

Жер қатынастары жөніндегі уәкілетті органның не сәулет және қала құрылысы саласындағы құрылымдық бөлімшенің жауапты орындаушысы өз құзыреті шегінде жер комиссиясының тиісті қорытындысы келіп түскен сәттен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті берушінің тиісті шешімін әзірлейді.

Көрсетілетін қызметті берушінің жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгерту туралы не мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы шешімі жер комиссиясының тиісті қорытындысы келіп түскен сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде қабылданады.

«Іздестіру жұмыстарын жүргізу үшін жер учаскелерін пайдалануға рұқсат беру» туралы

«Іздестіру жұмыстарын жүргізу үшін жер учаскесін пайдалануға рұқсат беру» мемлекеттік қызметті облыс-тардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Мемлекеттік қызметті алу үшін жеке және заңды тұлғалар (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) портал арқылы көрсетілетін қызметті берушіге мыналарды жолдайды:

1) нысан бойынша іздестіру жұмыстарын жүргізу үшін жер учаскесін пайдалануға рұқсат беру туралы өтініш;

2) іздестіру жұмыстарын жүргізу учаскесі жоспарының (схемасының) электрондық көшірмесі;

3) іздестіру жұмыстарын орындауға арналған тапсыр-маның электрондық көшірмесі. Көрсетілетін қызметті берушінің басшысы не оны алмастыратын адам өтініш қабылдаған күні құжаттардың мазмұнымен танысады, қарар қояды және жер қатынастары жөніндегі уәкілетті органның құрылымдық бөлімшесінің жауапты орындаушысын айқындайды.

Жер қатынастары жөніндегі уәкілетті органның

құрылымдық бөлімшесінің жауапты орындаушысы 5 (бес) жұмыс күні ішінде өтінішті қарайды, іздестіру жұмыстарын жүргізу үшін жер учаскесін пайдалануға рұқсат беру туралы қаулының жобасын дайындайды және материал-дарды көрсетілетін қызметті берушіге жолдайды.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынған жағдайда, жер қатынастары жөніндегі уәкілетті органның құрылымдық бөлімшесінің жауапты орындаушысы 2 (екі) жұмыс күні ішінде өтінішті қабылдаудан уәжді бас тарту дайындайды және портал арқылы көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» көрсетілетін қызметті беруші басшысының ЭЦҚ-сы қойылған электрондық құжат нысанында хабарлама жолдайды.

Көрсетілетін қызметті беру-ші ұсынылған материалдардың негізінде 2 (екі) жұмыс күні ішінде іздестіру жұмыстарын жүргізу үшін жер учаскесін пайдалануға рұқсат беру туралы қаулы қабылдайды.

Алмас АМАНОВ,
аудан әкімдігі жер
қатынастары бөлімінің
бас маманы.

Жамбыл ауданының мемлекеттік органдарындағы мемлекеттік қызметшілердің «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп Кодексі» (мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп қағидалары) нормаларын бұзу фактілері жөнінде хабарлау үшін орнатылған «сенім телефондарының» TI3IMI

№	Мемлекеттік органның атауы	Сенім телефоны
1.	«Жамбыл облысы Жамбыл ауданы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	2-25-02
2.	«Жамбыл аудандық мәслихат аппараты» мемлекеттік мекемесі	2-14-32
3.	«Жамбыл облысы Жамбыл ауданы Айшабиби ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	2-75-01
4.	«Жамбыл облысы Жамбыл ауданы Ақбастау ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	5-04-82
5.	«Жамбыл облысы Жамбыл ауданы Аса ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	2-17-88
6.	«Жамбыл облысы Жамбыл ауданы Бесағаш ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	3-25-35
7.	«Жамбыл облысы Жамбыл ауданы Гродиково ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	3-13-77
8.	«Жамбыл облысы Жамбыл ауданы Ерناзар ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	5-24-14
9.	«Жамбыл облысы Жамбыл ауданы Жамбыл ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	3-70-68
10.	«Жамбыл облысы Жамбыл ауданы Қаракемер ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	2-46-00
11.	«Жамбыл облысы Жамбыл ауданы Көлқайнар ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	2-34-07
12.	«Жамбыл облысы Жамбыл ауданы Қызылқайнар ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	3-43-16
13.	«Жамбыл облысы Жамбыл ауданы Өрнек ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	5-25-02
14.	«Жамбыл облысы Жамбыл ауданы Қарасу ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	2-31-69
15.	«Жамбыл облысы Жамбыл ауданы Тоғызтарау ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	5-25-34
16.	«Жамбыл облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	2-16-33
17.	«Жамбыл облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	2-20-07
18.	«Жамбыл облысы Жамбыл аудандық білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	2-11-54
19.	«Жамбыл облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	2-14-55
20.	«Жамбыл облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің қаржы бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	2-11-51
21.	«Жамбыл облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	2-12-34
22.	«Жамбыл облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	2-17-56
23.	«Жамбыл облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	2-12-51
24.	«Жамбыл облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	2-11-90
25.	«Жамбыл облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	2-13-53
26.	«Жамбыл облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	2-13-35
27.	«Жамбыл облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	2-24-67
28.	«Жамбыл аудандық қазынашылық басқармасы» мемлекеттік мекемесі	2-15-76

ДІНІҢ ТҰРСЫН ДІН АМАН

Татулық пен бауырмалдық – қоғам тұрақтылығының негізі

Қазіргі қоғамда ерекше маңызға иетақырыптардың бірі – татулық пен бауырмалдықтың ынтымаққа бастау алуы. Әлемдік діндердің барлығы адамзатты бейбітшілікке, өзара келісім мен сыйластыққа үндеді. Ал солардың ішінде Ислам діні татулықты, ізгілікті және бейбіт өмірді басты мақсат етіп қояды. «Ислам» сөзі араб тіліндегі «салыма» етістігінен шығып, бейбітшілік, амандық, жақсылық тілеу деген мағынаны білдіреді. Ал мұсылмандардың күнделікті сәлемі – «Ассаламу алейкум» сөзі де «Алланың амандығы мен жақсылығы болсын» деген ізгі ниетті аңғартады.



Ислам дінінің негізгі қағидаттарының бірі – адамдар арасында татулық пен бауырмалдық орнату. Бұл дін жақсылыққа шақырып, жамандықтан қайтаруды, бейбіт қоғам

калыптастыруды көздейді. Өкінішке қарай, кейбір жат пиғылды топтар өз әрекеттері арқылы Ислам дінін бұрмалап көрсетуге тырысып жатады. Алайда бір топтың теріс іс-әрекетіне бола тұтас бір дінді қаралау – үлкен қателік. Өйткені Ислам діні ешқашан зұлымдықты емес, керісінше мейірім мен әділдікті насихаттайды.

Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.с.) Медина қаласына қоныс аударған кезде адамдарды дініне, ұлтына қарап бөлген жоқ. Ол барша жұртты бірлікке, өзара бауырмалдыққа шақырды. Алла Тағала Құран Кәрімде адамдарды ұлттар мен ұлыстарға бөлгенін, мұның мақсаты бір-бірін тану екенін баяндайды. Демек, жаратылыстағы негізгі мақсат – бөліну емес, түсінісу мен татулық.

Пайғамбарымыздың (с.а.с.): «Арабтың араб еместен артықшылығы жоқ, артықшылық тек тақуалықта» деген хадисі де адамдар арасындағы ең басты өлшемнің имандылық пен адамгершілік екенін көрсетеді. Кім

дінді шынайы ұстанып, халқына адал қызмет етсе, сол адам абзал саналады.

Тарихтан белгілі болғандай, Пайғамбарымыз (с.а.с.) Меккеде қысым көрген соң Мединаға қоныс аударды. Медина халқы мұсылмандарды құшақ жая қарсы алып, жан-жақты қолдау көрсетті. Сол жерде Ислам негізінде жаңа қоғамдық тәртіп қалыптасты. Меккеден көшіп келген мұсылмандар «мұнажирлер» деп аталып, ал оларға көмек көрсеткен мединалықтар «ансарлар» атанды. Ансарлар мұнажирлерге дінді үйретіп қана қоймай, материалдық жағынан да қолдау көрсетіп, шынайы бауырмалдықтың үлгісін танытты. Бұл ұстаным кейінгі ұрпаққа өнеге болуы тиіс. Қазақ халқының кеңпейілдігі, қонақжайлылығы, туыстық қарым-қатынасты қадірлеуі – ата-бабамыздың Ислам дінін берік ұстануымен тығыз байланысты. Үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету, сәлем беру, қыз баланы қорғау, көрші ақысына мән беру секілді қасиеттердің барлығы Ислам

қағидаттарымен сабақтасып жатыр. Алайда бүгінгі қоғамда осы ізгі құндылықтардың кейбірі әлсіреп бара жатқаны байқалады. Бұрын ата-бабамыз дін мен дәстүрді үйлестіріп, оны өмір салтына айналдырған. Қазіргі таңда сол құндылықтарды толық ұстана алмай отырған тұстарымыз бар. Бір-бірін кешіру, сыйласу, араласу сияқты адамгершілік ұстанымдар назардан тыс қалып жатады. Құдайы қонақ күту түгілі, көрші мен туыстың хал-жағдайын сұраудың өзі сирек кездесетін жағдайға айналып барады.

Сондықтан татулық пен бауырмалдықты нығайту – әрбір азаматтың ортақ міндеті. Ислам діні де, ата дәстүріміз де адамдарды бірлікке, өзара сыйластық пен кешірімге шақырады. Осы құндылықтарды берік ұстанған қоғамда ғана ынтымақ пен бейбітшілік орнығады.

Дәурен ҚҰТТЫБАЕВ,
аудандық «Бәйдібек» мешітінің бас имамы.

«Айхой уақыт серуен, адам бір көшкен керуен» демекші, көзді ашып-жұмғанша жыл айналып, Рамазан айы жақындап келеді. Алдағы ақпан айының 19-ы күні оразаның бірінші тәулігі. Мың айдан да қайырлы Қадір түні бар құлшылық айына дайындығымызды қазірден бастап, ниетімізді туралай берсек артық болмайды. Біз бүгін оразаны бұзатын және бұзбайтын жағдайларға тоқталмақшымыз. Осы орайда «Оразаға қатысты 150 сұрақ» кітабын пайдаланғанымызды айта кеткеніміз жөн.

Рамазан айында назарға алынатын жағдайлар



Ораза екенін білетін адам дәрет алып жатқанда немесе басқа себептермен байқаусызда судың кіріп (жұтылып) кетуі, ұйқыдағы адамға су ішкізу, ауыр жұмыста жүрген кезде ауырып қалу немесе өзіне бір зиян тиюінен қорқып оразасын бұзу, түнде оразаға ниет етіп, бірақ таңертең сапарға шығып, жолда оразасын бұзатын болса, ондай жағдайларда бұзылған оразаның қазасын ғана өтеу міндеттеледі. Ал енді «Оразаның кәффараты» дегеніміз не? Осы мәселені мәнін түсіндіріп өтейік. Кәффарат Рамазан айындағы оразаны еш себепсіз, әдейі бұзған адамға бекітілген. Басқа айдағы оразаны бұзған адамға кәффарат қажет етілмейді.

Демек, Рамазан оразасын әдейі бұзған жағдайда жаза ретінде 60 күн бойы оразаны үзбей ораза ұстау міндет болады. Сондай-ақ әдейі бұзған күннің қазасын да өтейді. Егер ораза ұстауға денсаулығы жарамсыз болса, 60 кедейдің қарнын тойдыру арқылы жазасын өтейді. Рамазан оразасы парыз амал. Ал басталған парыз амалды бұзу үлкен күнә. Сондықтан мұндай күнәдан барынша сақтану керек. Рамазан оразасынан басқа оразаны бұзса, күнбе-күн ораза қазасын өтейді.

Ораза кезінде әдейі ішіп-жуе және жұбайымен жақындасу оразаның қазасын әрі кәффаратын өтеуді міндеттейді. Бұл жерде тағы да айта кетерлігі, 60 күн оразасын

ұстауға шамасы жетпейтіндер бар. Осы ретте Бұхариден жеткен Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) өмірінен мынадай тағылымды мысал келтіруге болады. Бір кісі Пайғамбарымызға (с.а.с.) келіп: «Біттім, құрыдым», – деді. Алла Елшісі Мұхаммед (с.а.с.) одан: «Сені құртқан не нәрсе?», – деп сұрайды. Әлгі кісі: «Рамазанда жұбайыммен қатынаста болдым», – дейді. Пайғамбарымыз одан: «Құл азат ететіндей дүниен бар ма?», – деп сұрайды. Ол кісі: «Жоқ», – деді.

Алла Елшісі: «Арасын үзбей екі ай ораза ұстай аласың ба?», – деп сұрады. Әлгі бейбақ тағы да: «Жоқ», – деп жауап береді. Осы кезде Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) бір себет құрма әкелінді. Алла Елшісі құрманы әлгі адамға беріп, кедейлерге таратуды бұйырды. Сонда әлгі кісі: «Бізден артық мұқтаж кісі бар ма екен?» дегенде Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) тістегі көрінетіндей күлімсіреп: «Бар да, бұларды отбасына жегіз!», – деді.

Қазіргі таңда құлдық жүйе жойылғандықтан, оразаның кәффаратын ораза ұстау немесе кедейлерді тамақтандыру арқылы өтейді. Міне, алда келе жатқан Рамазан айында осындай мәселелерді назарда ұстаған дұрыс.

Ғалымбек ЖӘПЕК,
облыстық «Ниятулла
Тарази» мешітінің наип имамы.

Нағыз имандылық көркем мінезден көрініс табады

Ислам дінінің ең басты мақсаты – адамның ішкі жан дүниесін түзеу, оны рухани кемелдікке жеткізу. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) өзінің хадисінде: «Мен көркем мінезді кемеліне келтіру үшін жіберілдім», – деген (имам Бәйһақи).

Алла Тағала қасиетті Құранда ардақты Пайғамбарымыз жайында: «Шүбәсіз, сен ұлы көркем мінез-құлыққа иесін», – деген («Қалам» сүресі, 4-аят).


Бұл аят пен хадис бізге исламның мәні тек сыртқы рәсімдерде емес, құлшылықтың адам бойындағы көркем ісінде екенін ұқтырады. Мұхаммед әл-Ғазали өзінің «Хулуку әл-муслим» (мұсылманның мінез-құлқы) еңбегінде атап өткендей, біздің намазымыз, орамыз бен зекетіміз – жай ғана атқарылатын міндеттер емес, олар пенденің нәпсісін тізгінеп, жан дүниесін ізгілікке тәрбиелейтін құлшылықтар. Нағыз имандылық көркем мінезден көрініс табады. Егер құлшылық адамды тәкаппарлықтан, өтіріктен және өзгеге зиян тигізуден тыймаса, ол иманның әлсіздігін білдіреді. Сондықтан мұсылманның шынайы мұраты – ғибадат арқылы жүрегің тазартып, айналасына шуақ шашатын, көркем әдепті тұлға болу.

Ислам діні – тек мешіт ішіндегі құлшылықпен ғана шектелмейтін, адамның бүкіл болмысын ізгілікке бағыттайтын өміршен жол. Кейбіреулер құлшылық пен мінез-құлқы екі бөлек дүние деп түсінеді. Алайда шынайы мұсылмандық – бұл ішкі сенім мен сыртқы әдептің тоғысуы. Алла Тағаланың бізге парыз еткен әрбір құлшылығының астарында көркем мінездің мектебі тұр. Сол себепті құлшылықтың адам мінезіне тигізетін әсері мен оның маңыздылығы орасан зор.

Тарқатып айтар болсақ, намаз – діннің тірегі. Бірақ намаздың басты мақсаты тек белгілі бір қимылдарды орындау емес, адамның жан дүниесін жамандықтан тазарту. Алла Тағала Құран Кәрімде былай бұйырады: «Шын мәнінде, намаз арсыздықтан һәм жамандық атаудыдан (теріс қылықтардан) тыяды», – деген («Анкабут» сүресі, 45-аят).

Егер намаз оқитын адамның тілінен өсек, ісінен қиянат арылмаса, демек ол намаздың нағыз мәніне жете алмаған деген сөз. Өйткені намаз адамды ізгілікке, кішіпейілділікке және тазалыққа үйретеді. Күніне бес рет Раббысының алдында иіліп, сөздерге бас қойған пенде – өзгелерге менмендік көрсетпеуі тиіс.

Барлық құлшылықтың түпкі нәтижесі – адамның адамгершілік қасиеттерін арттыру. Сондықтан шынайы иманның дәмін сезінген адамның жүзінен нұр, сөзінен шуақ шашылып тұрады. Пайғамбарымыз



(оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Мүміндердің ішінде иманы ең кәмілі – мінез-құлқы ең жақсы болғаны», – деп бекер айтпаған (имам Термизи).

Құлшылығы көп, бірақ мінезі дөрекі адамның имандылығында ақау бар. Себебі нағыз мұсылман – қолымен де, тілімен де өзгеге зиян тигізбейтін жан.

Қазақ мақал-мәтелдерінің бірінде «Аңдамай сөйлеген ауырмай өледі» деген. Сонымен қатар «Он бәленің тоғызы – тілден», «Ұрлық түбі – қорлық», «Біреуге ор қазба – өзін түсесін», «Жақсыға барсаң – жалдырап қайтарсың, жаманға барсаң – жабығып қайтарсың» деп ұрпағын тәрбиелеп отырған. Есейе келе дін мен дәстүрді қоса меңгерген ұрпағы, үлкенге ізет, кішіге құрмет көрсеткен.

Егер адамның имандылығын тамыры терең ағашқа баласақ, оның дінтегі – құлшылық, ал жемісі – көркем мінез. Жемісі жоқ ағаштан ешкім сая таппайтыны секілді, мінезі түзелмеген мұсылманның да өзгеге пайдасы, дінге абыройы шамалы.

Көркем мінездің маңыздылығын мынадай үш негізгі қырынан түсінуіміз керек:

1. Ақырет таразысындағы ең ауыр амал ретінде

Біз Қиямет күні таразыны ауыр басатын тек нәпіл намаздар немесе ұзақ зікірлер деп ойлауымыз мүмкін. Алайда, ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) өзінің хадисінде: «Қиямет күні мүміннің таразысында көркем мінезден ауыр басатын ештеңе болмайды», – деген (имам Әбу Дәуіт).

2. Пайғамбарға (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) жақын болудың жолы ретінде

Әрбір мұсылманның арманы – жәннатта Пайғамбарымызбен (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) бірге болу. Ал Алланың Елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) кімдерді жанына

жақын тұтатындығы жайында өзінің хадисінде: «Араларындағы маған ең сүйіктілерім және Қиямет күні маған ең жақын болатындарың – мінез-құлқы ең көркем болғандарың», – деген (имам Термизи).

3. Қоғамның амандығы мен тұтастығы ретінде Көркем мінез бар жерде сенім, бауырмалдық және береке болады. Егер мұсылман қауымының мінезі дөрекі, сөзі жалған болса, діннің айбыны кетеді. Сондықтан мінезді түзету – жеке адамның ғана емес, бүкіл үмбеттің амандығы үшін атқарылатын ұлы міндет.

Көркем мінез – адамға туа біткен қасиет емес, ол – саналы түрдегі еңбек пен тәрбиенің жемісі. Мінезді өзгерту үшін адам өз бойындағы жағымсыз қасиеттерге қарсы тұруы керек. Егер адам ашуланшақ болса – сабырлыққа, сараң болса – жомарттыққа өзін тәрбиелеуге тиіс. Аталмыш асыл қасиеттер уақыт өте келе адамның әдетіне айналары анық. «Болмасаң да ұқсап бақ» деген хакім Абай ағамыздың сөзі осыған саяды.

Ардақты Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) көркем мінезі жайында айту, әлбетте оны бір сөзбен жеткізу мүмкін емес. Өйткені Алла Тағала ардақты Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) мінезін қасиетті Құранда мадақтаған.

Көркем мінез – бұл пенденің Жаратушыға деген шексіз махаббатының іс-жүзіндегі дәлелі. Егер жүректе Аллаға деген шынайы қорқыныш пен сүйіспеншілік болса, ол адамның тілінен – жылулық, қолынан – береке, ал жүзінен – нұр болып төгіледі. Иман – асыл қазына болса, мінез – сол қазынаның айналаға шашқан шуағы. Шуағы жоқ күннің жылуы болмайтыны секілді, көркем әдебі жоқ мұсылманның да айналасына шапағаты тимейді.

Бектұрсын УӘЛИЕВ,
дінтанушы.

 ШҰҒЫЛА-RADUGA МЕНШІК ИЕСІ: «Шұғыла-Радуга» газеті редакциясы» ЖШС Бас редактор: Нұрасыл СҰЛТАНБАЕВ Қабылдау бөлмесі: 2-17-98 Бас редактормен тікелей байланыс: 87765549701	Бас редактордың орынбасары: Тілшілер: Максат ЖҰМАБАЕВ Аружан КҰНТУБАЙ Ильяс ҚАЛЫБЕКОВ Құрбанәлі Шахабай Жұматай Көксубайұлы Ғалия АЛИЕВА Дизайнер-теруші: Бас редактордың орынбасары: Тілшілер: 2-20-24 2-13-44 Газет ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде 07.10.2021 жылы қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №КЗ87ҰРҰ00041240	Редакция авторлардың көзқарасы, жарнама мазмұны үшін жауап бермейді. Жарияланбаған хатқа жауап қайтарылмайды. Газет «Шұғыла-Радуга» газеті редакциясында компьютерде теріліп, беттелген. Қалыбы «Салық тәртібі» ЖШС-нде жасалып, көбейтілді. 080012, Тараз қаласы, Төле би көшесі 36 б. Таралымы 3100 Тапсырыс №70 Нөмірдің кезекшісі: Максат ЖҰМАБАЕВ	Газет аптасына 2 рет, сәрсенбі, жұма күндері шығады. Газетте шығарылым 2 реттен басталады, өткізілімі 5 реттен басталады. Индекс: 68991 Электронды пошта: sugyla@bk.ru Біздің мекенжайымыз: Индексі 080200, Аса ауылы, Абай көшесі 78-үй.
--	---	--	---